



Бір суреттің тарихы

Жанаргүл ҚАДЫРОВА

Елнұрдай жігіттерді қазақ «батыр тұлғалы» дейді. «Ер мінезді», «жүрегінің түгі бар» деген тіркестер де осындай азаматтарға қарата айтылады. Және ол мамандығын да айбарлы бітіміне сай таңдаған.

Бір қызығы, Елнұр Жұмабайұлының бастапқы игерген мамандығы бастауыш сынып мұғалімі екен. Кейіннен Қарағандыда жоғары заңгерлік білім алған оның еңбек жолы 1997 жылы Екібастұз ҚІІБ патрульдік полиция ротасынан басталған.

Ішкі істер органының табалдырығын сержант болып аттаған ол қызметтің ыстық-суығын түгел көрді. Адал еңбектене жүріп, патрульдік учаске инспекторы, взвод командирі, рота командирі, уәкіл, аға уәкіл, қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы, әкімшілік полиция бөлімінің басшысы, тағы басқа лауазымдарды артта қалдырды. Бүгінде Елнұр Букаев – Екібастұз қалалық ішкі істер басқармасы басшысының орынбасары. Подполковник. Еңбегі ескеріліп, II және III дәрежелі

«Мінсіз қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Ұйқы-күлкі, демалыс көрместен қоғам тыныштығын күзететін құқық-қорғаушылардың өмірі әдетте шым-



Суретті түсірген В.Фадеев



Елбасының кілт тапсыру сәті. Е.Букаевтың жеке архивінен.

шытырық, қым-қиғаш оқиғаға толы. Олардың көз алдарынан күн сайын ондаған сүреңсіз хикая фильм тапспасына ұқсап тізіліп өтіп жатады. Қылмыс пен қылмыскер атаулы біріне-бірі қатты ұқсайтындықтан, бәлкім, жұмыстың көп кезеңдері есте қала бермес. Алайда еңбек жолында Елнұрдың есінде мәңгілікке қалған бір тамаша күн бар. Ол – 2010 жылдың 25 маусымы.

Дәл сол күні Елнұр Букаев Елбасының қолынан қызметтік көлік кілтін алды. Нұрсұлтан Назарбаев Павлодар қаласының орталық алаңында облыстың білім беру, денсаулық сақтау, құқыққорғау саласы өкілдеріне жалпы саны 77 көлік кілтін тапсырған. Салтанатты шараға әр саладан майтал-

мандар іріктеліп, Елбасының қолынан кілт алу саусақпен санарлық таңдаулы қызметкерлерге бұйырды. Сол бір тарихи сәтті екібастұздық сақшы былай еске алады:

- Елбасы кілт тапсырып тұрған сәтте менің қолымды алып, ұзағырақ тұрды. «Біз сендерге сенім артып отырмыз, сендер елдің сеніміне ие болыңдар!» деп тілегін білдірді. Толқып тұрсам да, даусым саңқылдап, Нұрсұлтан Әбішұлына алғысымды білдірдім. Өзіме артылған Елбасы мен ел сенімін ақтауға тырысып келемін.

Елбасымен сол кездесуден түскен сурет бұл күні Елнұр Жұмабайұлының жұмыс үстелінің сөнін кіргізіп тұр. Еңсегей бойлы ер Елнұр осы бір ерекше кездесуді соңынан ерген әріптес інілері мен балаларына өнеге етумен келеді.